

Ахмет Байтұрсынұлының ұлты үшін еңбегі өлшеусіз. Осы мақсатта «Оқу құралы» әліппе оқулығы жазылып, содан кейін қазақ тілінің грамматикасын ана тілінде талдаудың мақсатын қойылған. Дәл сол мақсатта «Тіл құрал» жазылған. «Оқу құралы» болса, ұлт ұстазының пайымдауынша оқушыға арналмаған. Ол - оқытушының құралы. Ғалым он бес жылдық оқыту тәжірибесінің негізінде, он жылдық кітап жазу үдерісінің негізінде оқытушыға да сүйенетін құрал керек деп шешіп, «Оқу құралына баяншысын» дүниеге әкелген. Ғалымның «Баяншы», «Тіл жұмсар» деген атаумен дүниеге келген көмекші құралдарының арқалаған жүгі ауыр.

«Тіл – адамның адамдық белгісінің зоры, жұмсайтын қаруының бірі. Осы дүниедегі адамдар тілінен айрылып, сөйлеуден қалса, қандай қиындық күйге түсер еді, осы күнгі адамдар жазудан айрылып, жаза алмайтын күйге ұшыраса, ондағы күйі де тілінен айрылғаннан жеңіл болмас еді. Біздің заманымыз жазу заманы – жазумен сөйлесу ауызбен сөйлесуден артық дәрежеге жеткен заман...», – деп жазған Ахмет халықтың қазақ мектептеріндегі оқыту жайын қолға алады [1]. Ол үшін, әрине, оқулық керек. Ол оқулық нақты ғылымға негізделуі қажет. Оқыған мен тоқығанды сапалы жеткізе алатын жазудың болғаны шарт. Сондықтан Ахмет өзінің танымдық арнасын қазақ тіліміз білімінің саласына, қазақ әдебиетінің арнасына, сонымен қабар төте жазуға бұрып, ғылыми жаңдықтар мен толағай өзгерістерді алып келді.

#### **Пайдаланған әдебиеттер:**

1. <https://kznews.kz/qazaqsha-referattar/a-bajtursynovtyn-pedagogikalyq-kozqarasy-men-quizmeti/>
2. <https://tilalemi.kz/books/8000.pdf>
3. Байтұрсынұлы А. (Қол қойған: Маса). Кітаптар жайынан // Айқап № 1, Б. 12–13, 1911; Оқыту жайынан // Қазақ № 29, 7 қыркүйек 1913.
4. А.Байтұрсынұлы еңбектерінің картотекасы. Қазақстан Республикасы ұлттық кітапханасының Сирек қор кітаптары.
5. Тарихи тұлғалар. Танымдық-көпшілік басылым. / Құрастырушы: Тоғысбаев Б., Сужикова А. – Алматы: Алматыкітап, 2009.

### **АЛАШ ЗИЯЛЫЛАРЫНЫҢ ДІНИ КӨЗҚАРАСТАРЫ МЕН ТІЛ МӘСЕЛЕСІНІҢ ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫ АССАМБЛЕЯСЫ ҚЫЗМЕТІНДЕГІ КӨРІНІСІ**

*Алибекова А.А., 2-курс магистранты  
Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті  
Қарағанды қ., Қазақстан*

#### **Кіріспе**

Кез келген адамның өмірінде діннің орны, діни тұлғалардың ақылы мен даналығы, қажырлы еңбектері әрқашан ұрпақ жадында мәңгі сақталуы қажет. Себебі дін - келер ұрпаққа өзіне өнеге тұтып отыруына және болашағына өте маңызды. Атақ пен даңқты діннен іздеу үлкен адасушылық. Ал діни сауаттылығының болмауы, дұрыс білім алмауы ол сонау Алаш зиялыларының өзекті мәселелерінің бірі болып саналды. Себебі халық ислам дінінен айырылса, ұлт ретінде жойылуы оп-оңай екенін түсінді. Біздің мыңдаған жылғы дүниетанымымыз, әдебиетіміз, тіліміз исламнан сусындағын. Одан айырылу бәрінен айырылу. Оны түсінбеу, өмір сүру мәнісін түсінбеу. Бірақ, Қызыл көз империя бұратана жұртпен санассын ба? Халықты, одан әрі қыспаққа ала берді. Мәселен, мұсылмандар проваславияға мойын ұсынар болса, салықтан босатылып, көптеген жеңілдіктер ұсынды.

Алаштың алыптары А.Байтұрсынұлы, Ә.Бөкейхан, М.Тынышбайұлы, М.Дулатұлы барлығы дін мәселесіне терең қараған. Дін мен мемлекеттің үндестігі жайлы Алаш партиясының бағдарламасында да айтылған.

Ә.Бөкейхан бастаған Алаш зиялылары үзіліп қалған қазақ мемлекеттілігін қайта қалпына келтіру үшін мүлдем жаңа басқа тәсілге көшу керек екенің ұғынды. Дәлірек айтсақ қылыш найзамен жауға шығудың дәуірі өткендігін, ендігі күрестің ғылыми өркениет негізінде өрбитіндігін, яғни жаңа біліммен қарулану арқылы ел тыныштығын сақтай отырып тәуелсіздікке қол жеткізетіндеріне көздері жетті. «Айқап», «Қазақ», «Қазақстан», «Орал» сынды мерзімді басылымдарды шығарды. Ұлт зиялылары мектеп, медреселерде ұстаздық қызмет атқарды. Әрі олар мерзімді баспа сөзде танымдық мақалалар жазған тұғыры биік ағартушылар еді. Қиын заманда осындай азаматтар қажет еді. Алаш арыстарының еңбектері ғылыми және діни бағытта болсын, қазақ азаматтарының сауатты болуы олар үшін, аса қажет еді. Себебі, дін мәселесі әрқашанда өз заманының басты, өзекті тақырыптарының бірі болып қала бермек.

### **Негізгі бөлім**

1913 жылдан бастап Ахмет Байтұрсынұлының редакторлығымен Орынборда апталық «Қазақ» газетін қырғыз (қазақ) тілінде шыға бастауы, қазақ халқының діни руханиятына қосқан үлесі зор болды. Осы басылым жайлы тұңғыш Президентіміз Н. Назарбаев ««Қазақ» газеті қазақ халқының ұлттық сана сезімін оятуға аз үлес қосқан жоқ. Ол өз дәуірінің көкейкесті мәселелерін көтереді. Ағартушылық идеяларына насихаттады» деген болатын. Осы көкейкесті мәселелердің бірі діни руханият деп нық сеніммен айта аламыз. Өйткені газеттің алғашқы санынан бастап-ақ, діни тақырыптағы мақалаларды кездестіруге болады. Нақтырақ айтсақ газеттің 1913 жылы №1 санында «Оқшау сөз» айдарында дін таласы көлемді мақаланың алғашқы бөлімі басылған. Бұл мақала газеттің бірнеше санында жалғасады [1].

Дін мен қатар тіл мәселесіде бірге жүрді. Оған мысал ретінде 2009 жылы шыққан С.О. Смағұлова, Ф.Қ. Әнес, Т.А. Замзаеваның «Қазақ» газеті атты еңбегінің №46 санында 16 Январь (Қаңтар) жазбасында былай делінген: «Алтай және казак миссиасының 1893-нші жылғы отшетында\* айтады: «1893-нші жылы казактан шокынған еркек-әйелі бар 69 кісі. Христиан дінін оңай қабыл еткіштер жарлылар. Қалын қазақтың ішінен шығып, қалаларға келіп малайлыққа жалданғандар. Бұлар бірте-бірте орыс тілін біліп, орыстың ғұрпымен, дінімен танысады. Сонан соң христиан дініне икемдеп бұрмалаушы әуел бастан тұрған кожалары болады»-деп. «Новое время» газетасының 643-нші нөмірінде «С.Р.»-да соны жазады.» [2]. Бұл жазбаларды оқи отыра, қазақтың өз жерінде жүріп теңдікке қолы жете алмағаны, малайлықта жүріп, жарық сәуле көрмегендері, жаңа дінге еріксіз кіргендерін аңғарамыз. Алаш зиялыларының дін мен тіл мәселесіне көп көңіл аударуында бос дүние емес. Қаншама қалың қазақ жұртын осы бір діни сауатсыздығынан, ана тілінің ұмыт болмауына өз күштерің салды.

XX ғасыр басындағы қазақ зиялыларының ең үлкен артықшылығы алғашқы білімді молдадан немесе медреседен алғандығы еді. Олардың барлығы діни сауатты болды. Ә.Бөкейхан, А.Байтұрсынұлы, М.Дулатұлы, М.Жұмабай, Ж.Аймауытұлы, С.Сәдуақасұлы, Х.Досмұхамедұлы т.б. өз замандастары сияқты алғаш сауатын ауылдың молдаларынан алған. Олар осы негізгі білімін мемлекеттік дәрежеде іске асырды, сондықтан Алаш қайраткерлері елге қызмет етуді ұлттың мүддесімен ұштастыра білді [3].

Ұлт көсемі Ә.Бөкейхан, бір жағынан, патша үкіметінің орыстандыру, шоқындыру саясатын сынаса, екінші жағынан, қазақтарды фанатизмнен, бір-беткейлік соқыр сенімге бой алдырудан сақтандырады. Қазақтардың ислам дініне бетбұрысы патша билігінің мазасыздығын туғызды, отарлаушылар әртүрлі тосқауылдар мен кедергілер жасады. Мысалға: қазақтардың қажылық парызын өтеуіне, мектеп, медреселерде қазақ тілінде білім алуына, жетім-жесір қазақ балаларын шоқындыруға тырысты. Бұл саясат қазақтардың да ашуын туғызды. Сонымен қатар Ә.Бөкейхан, елдің діни сауатсыздығында сыңға алып, себептерін талқыға алды [4].

«Елдегі тілдік бөлінушілікке енді діндік ала-құлалық келіп қосылды. Бес қазақ бес түрлі діни ұғымдарға иланып, бір үстелдің басында әңгімелері жараспайтын жағдайға жетті. Бұл жердегі бес қазақтың біреуі арабтың салт-дәстүрін шариғатпен шатастырып,

өзінің өмір тіршілігін осы бір ұлтпен етене сабақтастыруға тырысса, тағы бірінің таным көкжиегінің ауқымы жетінші ғасырдан жылыстамай-ақ қойды» деп айтады [5].

Ә.Бөкейхан үшін ислам тек наным-сенім, Жаратушыға құлшылық, діни парыздарды орындау ғана емес, ол ғибраты мен жақсылығы мол, сабыр мен тағатшылық, кеңдік пен кісілікке бастайтын дін. Ә.Бөкейханның 1916 жылы «Қазақ» газетінде жариялаған «Рамазан айы жақындаған тақырыпты» деген мақаласында: Оразаға тек, ауыз бекіту, харам істерден, оразаны бұзатын қылықтардан сақтану, оның шарттарын мүлтіксіз орындаумен шектелмейді, бұл айға «адамшылық, ұлтшылық істері жағынан қарап, біраз тексеріп көрейік», – дейді. Осылай дін мен ұлт мәселесі үйлесім, жарасым табатын жолдарын жанашырлықпен көрсетеді. Ә.Бөкейхан рамазан айының алдымен жалпы адамзаттық мәніне зор мән береді. Бүгін де Қазақстанда діни қызметкерлер уағыздар айтудан, ал зайырлы азаматтар дінді тек сырттай білгеннен әрі аса алмай жүрген жағдайда, оның дінді күнделікті өмір талабымен, мұқтажымен байланыстыру туралы ойы өткір мәселе болып отыр [4].

Жоғарыда «Қазақ» газетіне байланысты айтып кеткендей-ақ, А.Байтұрсынұлының араб әріптері негізінде қазақтың алғашқы әліпбиін жасап шығуы оның көрегендігі дер едік. Осы арқылы ғалым қазақ жұртының тез хат танып, оқу білімге деген құштарлықтарының оянуына, сауатын ашуына ерекше ықпал етті. А.Байтұрсынұлы жазуы дамымаған ұлттың артта қалатынын, оның қоғамдағы қажеттілігін және адам өміріндегі маңызын өзінің шығарған оқулықтарында үнемі ескертіп отырды. Сол себепті өз шәкірттеріне барынша білім беріп, көзі ашық көкірегі ояу тұлғаны қалыптастырғысы келді. Ол кезге дейінгі түркі елдерінің 90 % хат жазуда немесе қолжазбаларында араб таңбаларын пайдаланып келгені белгілі. Ғалымның өзі Орынборда өткен Қазақ, қырғыз білімпаздарының съезінде сөйлеген сөзінде: «Жақсы әліппенің қасиеттері – жылдам жазылу, баланы оқытқанда әріптерінің бөлек-бөлек оңаша тұрып көзге түсуі, жазбасына баспасының ұқсастығы. Қазіргі қазақ әліппесінен жер үстінде жақсы әліппе жоқ. Латыннан анағұрлым озық әліппеміз тұрғанда босқа латыншыл болудың кереметі жоқ. Әріпке қызығып бүкіл мәдениетімізден айрылып қаламыз ба?» – дейді. Осылай 1913 жылдан бастап А.Байтұрсынұлы жасаған әліпби мұсылман медреселерінде, қазақ-орыс мектептерінде қолданыла бастайды. Осылайша ел-жұрт арасында білімге деген құштарлығы оянған қазақ жастарының, хат тануы мен сауатты болуы, болашаққа деген бір үміттің бар екеніне сенім пайда болды. Жазушы Сейіт Кенжеахметұлы: «1917 жылы 5-13 желтосқан аралығында Орынборда ІІ жалпықазақ съезі өтті. Онда Алашорда үкіметінің құрамы бекітілді. А.Байтұрсынұлы Алашорда үкіметінің оқу комиссары болып тағайындалды. Қасында М.Жұмабаев, Е.Омаров, Б.Сәрсенов, Т.Шонановтар болды. А.Байтұрсынұлы сол тұста халықтың сауатын ашу ісіне ел арасындағы молдаларды пайдаланған. Өйткені ол кісі сауат ашуға тек «әріп тану» деп қарамаған. Оны тәрбиенің өзегіне балаған. Адамгершілік, мейірім, жанашырлық, шапағат секілді қасиеттерді бойына сіңірмеген адамның алған білімі зиянды деп түсінген. Торғай жерінде діни ілім үйрететін мешіт-медреселер көп болған. Ол осы дайын тұрған ілім ошақтарын халықтың игілігіне пайдалануды дұрыс көрген. Сол себепті тұңғыш әліпби жасағанда халқымыз сан ғасырдан бері пайдаланып келе жатқан араб графикасы негізінде жасады. Былайша айтқанда, А.Байтұрсынұлы жарықтық тілді дінге байлап берді. Бұл – дін құрымай, тіл жоғалмайды деген сөз. Егер қазірге дейін сол жасап берген әліпбимен жүргенімізде мәңгірттер еліне айналмас едік» деген пікірді айтады. Бірақ жағдай Алаш зиялылары ойлағандай болмады. Араб жазуы Исламмен байланыстырылып, қолданыстан алынып салынды. Тек жат жұртқа Қытай, Ауған, Иранға қоныс аударған қандастарымыз А.Байтұрсынұлы жасаған әліпбиді жүректеріне байлай кетті [6]. Барынша қолда бар мүмкіндікті дұрысынан қолданып, зиянынан гөрі пайдасы молынан тиетін істерді атқарғаны осы бір жерден тағы көре аламыз.

Қазақтың өмірі жермен, ата кәсіппен тығыз байланысты, рухы тарихтың рухани деңгейімен өсіп, өзінің қасиетін сақтап отырған. Отаршылдық дәуір, одан кейінгі кеңес

билігі қазақтың өміріне әлеуметтік тұрмыс жағынан да, рухы жағынан да кері әсерін молынан тигізді. Діннің қыспаққа алынуы, қоғамдық құрылыстың өзгеруіне ықпал етті. Халықтың руханиятына айналған ойшылдардың ілімдері, өнер иелерінің туындылары ел өмірінен алшақтап, ұмытыла бастады. Таланттардың еркіндігі шектелді, еркіндікті шектеудің әдісі елдің тұрмысының өзгеруінен басталды [7].

Алаш зиялыларының өмірі ұлтқа жанашырлықтың бір ғана бағытта, бір ғана деңгейде келмейтінін көрсетіп кетті. Ұлтқа жанашыр болу, ұлттың тіліне, дініне, өміріне жанашыр болу. Ұлттың өмірін сақтайтын, мүддесіне айналған дүниелерге жанашыр болу сегіз қырлы білімді, бір сырлы қабілетті, төзімді, ақылды талап етеді. Бұны айтып отырған себебіміз алаш зиялылары ұлт ісін қолға алуда ұйымдасқан деңгейде кейінгі ұрпаққа қолғабыс болатын мол тәжірибені қалыптастырды [7].

Халықтың санасын жан тәнімен оятуға тырысқан, бойына мұсылманға тән бар қасиетті сіңірген – М.Дулатұлының 1909 жылы «Оян,қазақ!» атты тұңғыш өлеңдер жинағының жарық көргенің айтпасқа болмайды.Талай қазақтың намысын жандырып,санасын қайта келтіріп үлкен серпіліс жасады.

*«Көзіңді аш, оян, қазақ, көтер басты,  
Өткізбей қараңғыда бекер жасты.  
Жер кетті, дін нашарлап, хал һарам боп,*

*Қазағым, енді жату жарамас- ты»* -деген жолдарында, М.Дулатұлының ғана емес, басқада қазақ зиялыларының жан айқайы жатты [8]. Расыменде патша үкіметінің көлеңкесінде қалған қазақ жұрты, осы бір «Оян,қазақ!» атты ұранды айтып, өз болашақтарына нық сеніммен қарады.

Еліміз ғасырлар мен мыңжылдықтар тоғысында толассыз азаттық күресінің нәтижесінде ғана Тәуелсіздікке,Егемендікке қол жеткізді.Армандай болған Алаш идеясы жүзеге асты.Әсіресе ХХ ғасыр басында елім деп еңіреген,жұртым деп жоқтаған Алаш арыстарының үміті ақталды.

Дін - өрмекшінің торындай өте нәзік тақырып.Алаш зиялыларының дін мәселесіне қатысты пікірлері,қазір де өзекті мәселе болып отырғаны рас. Еліміздегі 140-тан астам ұлт өкілдерінің өз тілі,өз діні,өз ұстанымдары бар.Бір шаңырақ астында өмір сүріп, қанша уақыттан бері достық пен бірлікті ту етіп, ортақ мүддеге жұмылдырып, олардың ортақ Отаны болып отыр. Ассамблея қызметінің арқасында Қазақстанда этностық немесе діни ерекшелігіне қарамастан әрбір азаматтың Конституциямен кепілдік берілген азаматтық құқықтары мен еркіндігі толығымен қолданылатын этносаралық және конфессияаралық келісімнің айрықша үлгісі қалыптасты.

Қазақ Елі ту көтеріп тәуелсіздік алғалы еліміздегі дінаралық қатынас саласында мемлекеттік сындарлы саясат жүргізіп келеді. Дінаралық келісім мен толеранттылық азаматтық бейбітшіліктің негізі. Біздің мемлекетіміздегі әлеуметтік прогрестің маңызды факторы болып есептеледі. Тең құқыққа және міндетке ие барлық діни бірлестіктер, діни сенімдеріне қарамастан, жасаған құқық бұзушылық әрекеттері үшін заң алдында бірдей жауап береді [9]. Тіл мәселесіне байланысты 2022 жылдың 29-сәуірінде өткен Ассамблеяның XXXI-сессиясында Мемлекет басшысы "Тарих және этникалық ерекшеліктер тұрғысынан алғанда Қазақстан көптілді мемлекет. Бұл біздің артықшылығымыз. Дегенмен мемлекеттік тіл — қазақ тіл екенін есте тұтып, қазақ тілінің мәртебесін нығайту үшін шара қабылдау керек. Бірақ бұл шара өзге тілдерге зиянын тигізіп, ол тілде сөйлейтін азаматтар дискриминацияға ұшырамауы керек", — деп атап өткен еді [10]. Көп ұлтты мемлекет болғандықтан, әрбір ұлттың тіліне қарсы шықпай,сонымен қатар өз тілімізді жоғалтпай, құрметпен қарау керек. Бұл тұста А.Байтұрсынұлының «Өз тілімен сөйлескен, өз тілімен жазған жұрттың ұлттығы еш уақытта адамы құрымай жоғалмайды. Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы – тілі. Сөзі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады. Өз ұлтына басқа жұртты қосамын дегендер әуелі сол жұрттың тілін аздыруға тырысады»,

Ғ.Қараштың «Егер ана тілін білмесең, онда сен ол ұлттың баласы емессің» -деп, ана тілімізге қатысты айтқан ой толғамдары еске түседі.

### **Қорытынды**

Ұрпақтың ұлттық рухын қалыптастырып отыратын елдің тарихы, мәдениеті, дәстүрі, тілі, әдебиеті, ата-баба дәстүрімен сақталып келе жатқан ата діні. Осы құндылықтарды жеке адам өз бойында біріктіре алса, қоғамында ұлттық рух сақталып отырады. Ұлттық рух сақталған ортада халықтың ұлттық бірегейлігі мен зиялылардың азаматтық және тұлғалық бірегейлігінің өздігінен күш алары анық. Халықтың ұлттық бірегейлігін, азаматтың еркіндігін сақтап, нығайтып отырудағы қазақтың тағылымы, жастарды зиялылыққа тәрбиелеудегі өнеге ұлттық рухтың мәнін тереңнен ұғындырады. Әрбір тұлға өз тілін, дінін, дәстүрін, ұлттық құндылықтарын құрметпен қарай отыра, қабылдау керек. Ұлт ісіне жұмылуда қазақ зиялыларының арасында байлық, ақша, мал-мүлік, сауда-саттық деген жүрмеген. Атамекеннің қасиетін, батырлардың еңбегін тереңнен ұғындыратын елдік, бірлік, ар-намыс ерікті түрде қазақ жастарын ұлттық мүдде ісіне жұмылдырып отырған. Өзгенің дәулетіне тамсанбай, өзінде бар нәрсені қадірлеген тұлғаларымыз ел болмысының негізінде жатқан, оның болашағына ауадай қажет дүниелерді қорғап өткен. Осы бір, жауапкершілікті алдыға қойып, құрмет тұту керек. Өз заманында елеусіз болса да, кейінгі заманда бағалы болатын елінің төл дүниелерін қадірлей алған. Бойында төл болмысымен, ел тұрмысымен, оның болашағымен ұштасатын қасиеттері мол адам ұлт зиялысы деңгейіне қол жеткізетіндігін қазақ тұлғаларының тарих өрісінде қалған тағылымынан көреміз. Әрине, ұлт зиялысы болу, атақты болу, не атақ алу, мақтан үшін жасалынатын нәрсе емес. Бұл ұғым жеке адамға үлкен жауапкершілікті, міндеттерді жүктеп отырады. Тарихымыздан белгілі, нағыз зиялылар ұлт ісіне жұмылуда, ел мүддесіне қызмет етуде оның игілігін өздері көре алған жоқ. Ел тағдыры үшін әділетсіздікпен күрескені үшін патшаның, одан қалды, кеңес билігінің тарапынан қудаланды, ең соңында саясаттың құрбанына айналды. Бірақ, қашан да нағыз зиялылардың ел үшін атқарған істерін кейінгі ұрпақ көреді, ұрпақ зиялылары қалдырған дүниені ел игілігіне пайдаланады. Бұны ұлт зиялыларының өміріне, тағдырына тән ерекшелік деп айтамыз. Ұлт зиялыларының қадір-қасиеті олар шындық пен жалғанды күні бұрын біліп, халыққа, ұрпаққа ажыратып береді [11]. Осы бағытта алаш зиялыларының аманат еткен әрбір ісін, барша халықтың білгені, оны түсінгені өте маңызды. Себебі қазіргі жас ұрпақ біздің болашағымыз.

### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. «ҚАЗАҚ» ГАЗЕТІ. 1913 жыл / Құраст.: С.О. Смағұлова, Ғ.Қ. Әнес, Т.А. Замзаева. - Алматы: «Арыс» баспасы, 2009. — 480 бет.
2. «ҚАЗАҚ» ГАЗЕТІ. 1914 жыл / Құраст.: С.О. Смағұлова, Ғ.Қ. Әнес, Т.А. Замзаева. - «Арыс»: баспасы, 2009. - 504 бет.
3. <https://islam.kz/kk/articles/islam-jane-qogam/alash-ziyalylarynyn-dini-kozqarastary-2396/#gsc.tab=0>
4. Амангелді, А.Ә. Бөкейхан мемлекет пен дін туралы / А. Амангелді. - Текст: : непосредственный // Qazaq qazetteri. - 2015. - 21 Тамыз.
5. Ожайұлы Ы. "Дін таласы" : (Ә. Бөкейхановтың аудармасы жайлы аз ғана сөз) / Ы. Ожайұлы // Ақиқат. - 2015. - № 12. - 36-37 б.
6. Шапиян М.,. Тұлғалар өміріндегі Ислам. 2-том / Шапиян Марфуға. – Алматы : Полиграфкомбинат, 2020. – 244 б.
7. Сәрсембин, Ү. Алаш зиялыларының ұлттық мүдде тұрғысындағы көзқарастары / Ү. Сәрсембин. - Текст : непосредственный // АҚИҚАТ. - 2018. - №3. - С. 25-29 б.
8. Күзембаев Ж. "Міржақып Дулатұлы және «Қазақ» газеті" / Ж. Күзембаев // Егемен Қазақстан. - 2021. 10 тамыз
9. Джумекеева, К. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ДІНАРАЛЫҚ КЕЛІСІМ ҮЛГІСІ / К. Джумекеева. - Текст : непосредственный // ULТ. - 2016. - 26 шілде.

10. <https://assembly.kz/news/azir-o-amda-til-m-selesi-belsendi-tal-ylanuda/>

11. Сәрсембин, Ү. Ұлттық рух және ұлттық интеллигенция немесе қазақ зиялылары қандай болуы қажет? / Ү. Сәрсембин. - Текст : непосредственный // АҚИҚАТ. - 2018. - №4. - С. 14-19 б.

## **АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ 150 ЖЫЛДЫҒЫН ЮНЕСКО КӨЛЕМІНДЕ АТАП ӨТУДІҢ МАҢЫЗЫ**

*Батықова Ә.Е., 2-ші курс магистранты  
академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті  
Қарағанды қ., Қазақстан*

### **Кіріспе**

Қазіргі таңда әлем халықтарының мәдени ынтымақтастығын дамыту мақсатында жұмыс істейтін ұйымның бірі де бірегейі – ЮНЕСКО. Қазақстан Республикасы ЮНЕСКО-мен тығыз жұмыстар жасап, бірталай жетістіктерге жетіп, тарихи мұраларды сақтау мақсатында үлкен қадамдар жасаған болатын. Сол жұмыстардың бір бағыты – тарихи тұлғалардың мерейтойларын қажетті деңгейде атап өту. 2022 жылы Ахмет Байтұрсынұлындай зиялымыздың 150 жылдығын осы ЮНЕСКО көлемінде тойлау бұйырыпты. Алдымызда бұндай алып тұлғаның 150 жылдығын ауқымды түрде атап өту міндеті тұр.

Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ халқының біртуар перзенті, аты өшпес тарихи тұлға. Халқымыздың көзін ашып, надандықтан құтқару үшін ағартушылық жолында қиян-кешті еңбек қылған бабамыз. Ахмет Байтұрсынұлының ерен еңбегі қазіргі таңға дейін өзекті әрі қоғам үшін пайдасы зор.

Ұлт-азаттық қозғалыстың көсемі, «Алаш» партиясы мен «Алашорда» ұлттық кеңесінің, «Алашорда» үкіметінің негізін қалаушы мемлекет және қоғам қайраткері, түркітанушы, қазақ тілі мен әдебиеттанудың негізін қалаушы лингвист, ақын, мысалшы, «Қазақ» газетінің ұйымдастырушысы әрі шығарушысы, бас сарапшы, сталиндік қуғын-сүргіннің құрбаны Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ елінің тарихында зор бетбұрыс жасап, ұлы өзгерістердің ұйытқысы болған тұлға [1, 3 б.].

Қазақстанның тарихи тұлғаларын ЮНЕСКО деңгейінде таныту, олардың елеулі есімін жаңғырту бүгінгі күннің басым бағыттарының бірі. Тарихи тұлғалардың есімін жандандыру халықты мемлекетшілдік рухта тәрбиелеуге, өткенді зерделеуге, жастардың бойында тарихи сана қалыптастыруға мүмкіндік береді. Осы себепті, Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдық мерейтойын халықаралық деңгейде атап өтудің маңызы зор.

### **Негізгі бөлім**

Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ тілінің тұңғыш әліппесі мен оқулықтарының авторы, сонынан өшпес із қалдырған жаңашыл ағартушы. Ол жазған мектеп оқулықтары 1914-1915 жылдардан 1927-1928 жылдарға дейін пайдаланып келді. Қазақ балаларының бірнеше буыны сауатын Байтұрсынұлының «Әліп-биімен» ашып, ана тілін Байтұрсынұлының «Тіл құралы» арқылы оқып үйренді.

Ол араб графикасына негізделген қазақ жазуының реформаторы. Бұл жазу да 1910 жылдардан бастап 1920 жылдардың соңына дейін (латынға көшкенше) қазақ мәдениетіне, оқу-ағартуына жақсы қызмет етті. Байтұрсынұлы жасаған «төте жазу» күні бүгінге дейін қолданыс тауып келеді: Қытай Халық Республикасы, Ауғанстан, Иран сияқты елдердегі қазақ бауырларымыз сауаттарын осы жазумен ашып, баспа дүниелерін осы графикамен шығарады. Шетелдік бауырлас қазақтарға арналған «Біздің Отан» атты газетіміз де Байтұрсынұлының реформалаған араб жазуын пайдаланып, ол ұсынған емле ережелерін ұстайды.